



Жалағаш ЖАРШЫСЫ



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2026

ШАРУАЛАР КӨКТЕМГІ ЕГУ ЖҰМЫСТАРЫН ТӘММАМДАДЫ

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Қазір шаруалар көктемгі егін егу жұмыстарын қорытындылап, күршіт толық суға бастырды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сүйенсек, биыл Қазақстанда 23,8 млн гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 180 мың гектарға артық. Президент тапсырмасы бойынша жоғары рентабельді және әлеуметтік маңызы бар дақылдар алқаптары ұлғайтылып, егіс алқаптары құрылымын әртарапандыру жұмыстары әлі де жүргізілуде. Мәселен, биыл дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқабы 15,8 млн гектарға, майлы дақылдар 4,3 млн гектарға, мал азықтық дақылдар 3,3 млн гектарға егілген. Шегірткеге қарсы күрес аясында биыл 2,2 млн гектар жер өңделді. Бүгінде шамамен 665 мың гектарда зиянкестерге қарсы іс-шаралар аяқталған. Көктемгі егін жұмыстарын жүргізу үшін мемлекет тарапынан қажетті қолдау шаралары қабылданды. Тарқатып айтсақ, шаруалар 402 мың тонна жеңілдетілген дизель отынымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар 2,3 млн тонна көлемінде тұқыма қажеттілік толық жабылды. Сондай-ақ 2,3 млн тонна минералды тыңайтқыштар енгізу жоспарланған.

Бүгінде ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының жалпы көлеміндегі өңделген өнім үлесі 51 пайыздан асты. Бұл саланың қосылған құны жоғары өнім өндіруге кезең-кезеңімен көшіп жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ биыл суды ұтымды пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылды. Өткен жылы жекелеген шаруашылықтардың егіс құрылымын сақтамауы, әсіресе Түркістан және Қызылорда облыстарында су тұтынудың өсуіне әкелді. Осыған байланысты Премьер-министр су ресурстары және ирригация министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп мәселені бақылауда ұстауды, ылғалды көп қажет ететін дақылдар бойынша бекітілген егіс құрылымының сақталуын қамтамасыз етуді және фермерлермен түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Өңірлерде су ресурстарын ескере отырып, егіс құрылымын оңтайландыру жүргізілуде. Суды пайдалануды белгіленген лимиттеріне сәйкес күріш алаңы 20,6 мың гектарға қысқарып, 79,9 мың гектарды құрады. Мақта шаруашылығында су үнемдеу технологияларын енгізуге баса назар аударылуда. Мәселен, тамшылатып суаруға арналған мақта алаңы 29,8 мың гектарға ұлғайтылып, 79,8 мың гектарға жетті, ал дәстүрлі суаруға арналған алаңдар 12 мың гектарға қысқарды. «Қазидрометтің» мәліметінше, биыл вегетациялық кезеңде ауа температурасы жоғары болады және жауын-шашын әр жерде әртүрлі жауады. Жалпы вегетациялық маусымның басталуы әзірге «қолайлы» деп бағаланады. Сонымен қатар шілде-қыркүйек айларында еліміздің жекелеген өңірлерінде ылғал тапшы болуы мүмкін. Қыркүйек айында жауын-шашын мөлшері Қазақстанның басым бөлігінде нормадан аз, ал Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар, Абай облыстарының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының шалғай солтүстігінде нормаға жақын деп болжанады. Бұл ретте вегетациялық маусымға жасалған алдын ала болжам уақыт өте нақтыланып, ай сайынғы мәліметтермен толықтырылып, барлық мүдделі мемлекеттік орган мен халыққа жеткізіледі. Биыл АӨК-ні дамытуға 1,2 трлн теңгеден астам қаражат қаралған. Оның 750 млрд теңгесін егін егу және жинау жұмыстарына бағыттау жоспарлануда. Бүгінгі таңда фермерлер 573 млрд теңге қарыз алған. Бұл шамамен 6,8 млн гектар егіс алқабын өңдеуге мүмкіндік берді. Оған қосымша «Даму» қоры 232 млрд теңгеге 1,7 мың кепілдік берді, соның арқасында шаруалар 273 млрд теңге несиеге қол жеткізді.

Соңғы жылдары өзіміздің аймақта да вегетациялық кезең күрделі су тапшылығы жағдайында өтуде. Мемлекет басшысының суды көп қажет ететін дақылдар көлемін оңтайландыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, биыл Сыр елінде күріш егісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 900 гектарға қысқартылып, 70 мың гектарға егілді. Қысқартылған күріш алқаптарының орнына суды аз қажет ететін, өнімділігі жоғары дақылдар егу қолға алынған.

Өсімдік шаруашылығын әртарапандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу үшін алдағы 3 жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған. Оның 10 млрд теңгеге жуығы биыл бөлінді. Осыған байланысты 2028 жылға дейін егіс алқаптарын әртарапандырудың Жол картасын әзірлеу қажет.

Биыл аймақта 185 800 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде 70 мың гектарға күріш егіліп, суға бастырылды. Сондай-ақ 10 мың гектарға жүгері, 9,7 мың гектарға басқа да дәнді дақылдар себілді. Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында ылғал үнемдеу технологиялары енгізілген алқап көлемі 14 200 гектарға жетті. Егістіктердегі су шығынын азайту үшін 65 мың гектар күріш алқабы лазермен тегістелген.

Жалағаш ауданы да соңғы жылдары қалыптасқан мәселеге байланысты көктемгі науқанда алдын ала пысықтады. Биыл ауданда 41 758 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде күріш 16 800 гектарға егіліп, толық суға бастырылды. Мұнан бөлек 576 гектар бидай, 595 гектар мақсары, 50 гектар арпа, 5 гектар сұлы, 152 гектар соя, 7544 гектар дәнді жүгері, 371 гектар қант құмайы бар. Сондай-ақ 4850 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Қазіргі таңда шаруашылықтар жоңышқаның бірінші ормына орақ салды. Алдағы уақытта 250 гектар картоп, 1115 гектарға көкөніс және 1300 гектарға басқа да бақша дақылдары егіледі.

Егін орналастыру жұмыстарына 1155 ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылды. Ауданда 15 мың гектарға лазерлік жер тегістеу жұмыстары жүргізілді. Тәжірибе көрсеткендей, инженерлік жүйедегі жерлерді лазерлік тегістеу күріш дақылы егісінде суды үнемдеуге оң нәтижесін көрсетті. Аудан бойынша биыл су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы 2008 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. «АА Агро Қызылорда» ЖШС Қаракеткен ауылдық округінен жер ашып, биыл 7 мың гектар алқапқа жаңбырлатып суару әдісімен жүгері дақылын егуді қолға алды.



СЕНІМНІҢ ШЫРАҒЫ, БАҚЫТТЫҢ ТҰРАҒЫ

Сенбі күні үйіміздің алдында өсіп тұрған гүлдерімді суарып, артық шөптерінен тазартып, табиғаттың сұлулығына көзім де, көңілім де толып, бір жақсы күйде тұрғанымда қалта телефоныма хабарлама келді. Оқысам, өзім ерекше құрметтейтін, сыйлайтын, өмірінің барлық саласымен үлгі болған Зубайра апайдан екен. Қатты қуанып кеттім, біраз уақыттан бері байланысымыз үзіліп қалып еді. Содан бақшада жүріп Сәбит ағай мен Зубайра апай туралы «Бұл кісілер қандай қасиеттерімен менің жүрегімде қалды?» деп ойландым.

Мен үшін бұл кісілердің ең басты қасиеті олардың рухани бай болуы және отбасы құндылықтарын бәрінен жоғары қоюы, өз балаларын тәрбиелей жүріп, ел баласына, қасында жүрген, ізінен ерген біз сияқты мамандарға мәдениет пен адамгершілікті сөзбен емес, өз іс-әрекеттері арқылы қалыптастыра білуінде. Бұл кісілердің 60 жылдан астам уақыт өздері құрған отбасының керегесін мықты, уығын шашыратпай, шаңырағын биік ұстауы өзара қарым-қатынасы мен балаларымен, ағайын-туыстарымен байланысын реттейтін қағидалары, сенімдері мен сыйластығы ұлтмыздың ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарының жиынтығынан тұрады деп бағалай едім. Бұл балалары Бауыржан Иманәлиевтің «Қос шынарым» кітабын оқығаннан кейін келген ой еді.

Сәбит ағайдың, Зубайра апайдың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, қамқорлығы, балаларына жан-жақты көңіл бөлуі, қолдау көрсетуі, қашан көрсен де, қай жерде болсын өзара үйлесімділік, эмоционалды күшті байланыс, әртүрлі жағдайлар орын алғанда өзара көмек көрсету, үнемі дамуға ұмтылу, адамдардың тек жақсы жақтарын көре білуі бұл кісілердің бақытты отбасы болуының негізгі кілті деп түсіндім.

Олардың отбасыларының маңызды құндылықтарының тағы бір қыры – бір-біріне деген құрметті, сыйластығы көп отбасыларға үлгі. Сыйластық – әр отбасы мүшесін жеке тұлға ретінде мойындау, олардың пікірін, тілегін, қажеттіліктерін құрметпен қарауды қамтиды. Ағай да, апай да ұл-қызын айтқанда, оларға деген құрмет мен сенім шексіз, әрқайсысының орны бөлек, жеке тұлға ретінде үміттерін ақтайтынына сеніммен қарайтын. Балалары да сол үмітті ақтап, сенімнен шыға білді, ал ата-ана үшін бұдан асқан бақыт та, байлық та жоқ.

Сенім – отбасылық үйлесімділікті сақтауда маңызды құндылық. Осындай құндылықтар балаларының бойында қалыптасқандықтан, олар үнемі бірін-бірі қолдайды, өзара өте тату, ұйымшыл, барлығы ұлттық, рухани құндылықтарды ана тілінде қанына сіңірген, жоғары білімді, өз отбасын ата-әжесінің, ата-аналарының салып берген сара жолымен қалыптастырған қазіргі заманымыздың ең үлгілі шаңырақ иесі.

Балаларын жастайынан еңбек ету мен білім алуға, дамуға, әрбір ісіне жауапкершілікпен қарауға, жауапкершіліктің адамға бақытты болуына ықпал ететін қасиет екенін сіңірген ағай мен апай сол еңбегінің қазір жемісін көріп отыр. Барлық ұл-қызы жоғары білім алып, ғылымда, қызметте, қоғамда өз орнын табуға дұрыс бағыттай алғанына бүгінде куәміз.

«Жаһандану үрдісі ұлттық болмысты қаншалықты бәсеңдетіп бара жатыр» десек те, ескелен ұрпаққа рухани, адамгершілік, тәрбие беру ісінде, олар сияқты аға буынның атқарған жұмысы санқырлы. Жас буынның халқымызға тән ізгі қасиеттерді бойына сіңіріп, санғасырлық тарихи бар елдің азаматы екенін сезініп өсуіне жағдай туғызуда өз балаларымен қатар, ағайын-туыстың балаларына, шәкірттеріне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.



XI ғасырда өмір сүрген белгілі ойшыл, дала данышпандарының бірі Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» атты еңбегінде «Бала бойы тұнған ой, ақыл болса, әжесінің жүзі де жарқын болмақ» деп атап көрсетуі ұрпақтың азамат болып қалыптасуындағы екенін ерекше рөлін меңзейді. Мұны халқымыздың «Ұл табалдырықтан аттаудан бастап, ар-намысын сақтауға дейін әкеден үйренеді» деген нақыл сөзі де растай түседі. Бала тәрбиесінде Сәбит ағайдың әке ретінде де, ұстаз ретінде де, шығармашылық тұлға ретінде абыройы асқақ, тұлғасы ерекше. Халқымыздың салт-санасында асқар тауға теңеген, отбасының асыраушысы, ақылшысы, жол көрсетушісі, кез келген отбасылық мәселенің кесімін айттып, шешім қабылдайтын отағасы ретінде ағай құрметке бөленген жан екенін ол кісіні танитындардың бәрі біледі. Ал Зубайра апай азаматтың сыйлаған, саналы ғұмырын ұстаздық және қоғамдық жұмыспен өрбіте білген, ұл-қыздарын қоғамға лайықты етіп тәрбиелеген, жолдасы екеуі қайда жүрсе де жұбын жазбайтын, үлкендердің «қосағынмен қоса ағар» деген батасы қабыл болған ең бақытты әйел дер едім. Қазір бейнеттің зейнетті шағында немерелердің тәрбиесін ғана емес, ұрпақ қамы туралы баспасөз беттерінде жарияланған сұхбаттары, танымдық мақалалары өзектілігі жойған емес. Апай туралы ой-ланып отырып, бойындағы қасиеттері ана, дана, ғалым, тұлға, ұстаз дейтін портретті бейнесі елестейді.

Ана деген кім десе, алып дер ем, Бойына бар асылды жиып терген, Дана деген кім десе, дариядай, Таусылмайтын қазына кемел дер ем. Ғалым деген кім десе, ғаламдай, Бар ғұмырын сарп еткен зерттеулермен. Тұлға деген кім десе, ұлтын сүйіп, Ұлы істерде тік тұрған, теңселмеген. Ар ісінде адамдық қасиетпен, Шәкірттерге жол сілтер ұстаз дер ем. Бұл әсте өлең деуге келмес, бірақ апайдың өмір жолынан өрілген шынайы тіркес. Қос байтеректің қоғам дамуында да, өнегелі отбасы қалыптастыруда да өзіндік қолтанбасы бар. Сондықтан олардың өнегелі өмір жолы – жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

Күлазда ӘБЕНОВА,
Алматы қаласы

Еңбек адамы

Кейіпкеріміз 1971 жылы 17 қаңтарда Жалағаш ауданына қарасты Аққұм совхозында дүниеге келген. Кең даланың төсінде, қарапайым еңбек адамдарының ортасында өскен бала жастайынан адалдық пен еңбекқорлықтың қадірін ұғып өсті. Қазақ «ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Балалық шағында көрген тәрбиесі оның өмірлік ұстанымының қалыптасуына негіз болды. Асекең 1978 жылы мектеп табалдырығын аттап, №38 орта мектепте білім алды. Мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ еңбекке жақын болып өсті. Сабақ пен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, үлкендердің ақылын тыңдап, өмірден өз орнын табуға ұмтылды. Өйткені білім мен еңбек қатар жүрген жерде ғана береке болатынын ол ерте түсінді. 1986 жылы мектепті аяқтаған соң Қызылорда қаласындағы ПТУ-6 оқу орнына түсіп, ағаш ұстасы мамандығын меңгерді. Бұл кезең оның болашақ кәсіби өмірінің іргетасы қаланған уақыт болды. Қай заманда болсын қолынан іс келетін адам ешқашан қоғамға артық болмайды. Халық арасында айтылатын «өнерлі қол – алтын қол» деген сөздің мағынасы да осында жатыр. 1988 жылы ол отбасымен Мәріп Шәменов ауылына қоныс аударды. Жаңа орта, жаңа тіршілік, жаңа жауапкершілік жас жігіттің өміріне тың серпін берді. Осы ауылда еңбек жолын жалғастырып, құрылыс саласында жұмыс істей бастады. Мамандығы бойынша қызмет атқарып қана қоймай, ұсталық өнердің қыр-сырын терең меңгеруге ден қойды. Адам өміріндегі ең үлкен мектеп тәжірибе болса, ең үлкен ұстаз – өмірдің өзі. Дегенмен өмір жолында бағыт беретін, қолынан жетектейтін өнегелі жандардың орны ерекше. Асылбек ағамыздың да ұсталық өнерге баулып, кәсіби шеберлігінің шыңдалуына ықпал еткен жанның бірі – үлкен әкесі Егізбай Құдабаев. Ол кісінің жанында жүріп құрылыс жұмыстарының қыр-сырын меңгерді, еңбекке деген жауапкершілікті үйренді. «Ұстаздан шәкірт озар» деген сөз бар. Бірақ шәкірттің биікке көтерілуі үшін алдымен ұстазының тәлімі қажет. Егізбай әкесінің өнегесі мен тәжірибесі

ЖИҢАЗ ЖАСАУДЫҢ ШЕБЕРІ

«Адамның байлығы – жиған дүниесі емес, артында қалған өнегесі» дейді дана халқымыз. Расында мағыналы ғұмырдың өлшемі атақ пен даңқта емес, адал еңбекпен елге сіңірген қызметте, ұрпағына қалдырған тәлім-тәрбиеде жатыр. Осындай өнегелі өмір ісіннің бірі – Асылбек Оспанов.

Асылбек ағамыздың өмірлік мектебіне айналды. Ол тек құрылыс саласының ғана емес, адамгершілік пен еңбек мәдениетінің де сабақтарын үйретті. Жылдар өте келе заман өзгерді, технология дамыды. Бірақ заман ағымына бейімделу әркімнің қолынан келе бермейді. Ал еңбекқор адам үшін кез келген жаңалық – жаңа мүмкіндік. Асылбек ағамыз да уақыт талабына сай ізденіп, өз кәсібін жетілдіре білді. Бүгінде ол заманауи құрылыс және тұрмыстық қызмет көрсету салаларымен айналысады. Атап айтқанда, жиһаз жасау, пластик терезе орнату, сантехникалық жұмыстар жүргізу, аяқ киім тігу секілді сәтүрлі кәсіпті қатар меңгереді. Бұл – тек кәсіп емес, адамның еңбекке деген шынайы сүйіспеншілігінің көрінісі.

Қазақ халқы қашанда еңбек адамын құрметтеген. Себебі еңбек – берекенің бастауы, ырыстың кілті. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалдың мәнін Асылбек ағамыздың өмір жолынан анық көруге болады. Қай істі қолға алса да жауапкершілікпен қарап, сапалы орындауды басты қағидасына айналдырған.

Өмірдің мәні тек еңбекпен өлшенбейді. Адамның шынайы бақыты – отбасының амандығында, ұрпағының өркендеуінде. Осы тұрғыда Асылбек ағамыз өзін бақытты жанның бірі санайды. Өйткені бүгінде алты баладан өрбіген үлкен әулеттің тірегі болып отыр. Төрт ұл мен екі қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларына адалдықты, еңбекқорлықты, үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды үйретіп келеді. Өзі көрген өмір мектебін ұрпағының бойына сіңіруге

тырысады. Себебі тәрбие – сөзбен емес, өнегемен берілетін құндылық. Қазір оның үш немересі бар. Немере – ұрпақ жалғастығының белгісі, өмірдің жалғасып жатқанын білдіретін үлкен қуаныш. Екі қызы тұрмыс құрып, өз шаңырақтарының берекесін келтіріп отыр. Бір ұлы отбасын құрып, әке жолын жалғап келеді.

Қазақта «Бір тал кессен, он тал ек» деген ұлағатты сөз бар. Бұл сөз тек табиғатқа ғана емес, өмірге де қатысты айтылғандай. Адам өз өмірінде жақсылықтың дәнін сеуіп, артында ізгілік қалдыруы керек. Асылбек ағамыздың еңбекке толы ғұмыры да – осындай ізгіліктің жарқын көрінісі.

Ол – адал еңбекті өмірінің темірқазығы еткен жан, кәсіптің қадірін түсінген шебер, ұрпағына өнеге көрсеткен әке, немересіне сүйікті ата. Оның өмір жолы қарапайым болғанымен, мағынасы терең. Себебі қарапайым еңбек адамдарының арқасында ауыл өседі, ел дамиды, қоғам өркендейді.

«Адамның қадірі атқарған ісімен өлшенеді» дейді дана халқымыз. Осы өлшеммен қарағанда Асылбек Оспановтың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай. Еңбекпен өрілген өмір, маңдай термен келген абырой,

отбасының берекесі мен ұрпақтың қуанышы – оның өмірінің басты байлығы.

Бүгінгі таңда ауылдың сыйлы азаматы ретінде ел арасында құрметке ие болып жүрген Асылбек ағамыздың өмір жолы – еңбек пен табандылықтың, адалдық пен адамгершіліктің жарқын үлгісі. Мұндай азаматтардың өнегелі ғұмыры жас ұрпаққа әрдайым рухани азық болып қала береді.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА



ТАРИХ

АЛТЫН ОРДА: 1269-1380 ЖЫЛДАР



Ұлық ұлы – Алтын Орда мұрасын зерттеуге Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше назар аударды. 2019 жылдың 24 тамызында «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде ол Ұлытау қазақ халқының алтын бесігі екенін атап өтті.

Қалың қауым осы киелі өлкеде ел билеген хандарды ақ киізге көтеріп, таққа отырғызған. «Ұлытау – халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс. Бұл жұмыстар Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу аясында басталуы қажет» деп мәлімдеді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар ол «Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұрттың көбі біле бермейді. Сондықтан біз Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Оның тарихи тұрғысына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет» деп атап өтті.

Қазақстан Президентінің осы нақты да кең мағыналы сөздері арқылы адам-зат тарихындағы Ұлық Орданың ролі мен орнына баға берілді. Сондай-ақ ғалымдар үшін, жалпы өркениет тарихымен айналысатын барлық адам үшін де Еуразия халықтары мен мемлекеттерінің қалыптасуында елеулі рөл атқарған осынау мемлекеттің тарихына дөлемдәл және сындалы қарым-қатынас үшін қолайлы кезең туып, олардың тарихына кеңінен және риясыз көзқараспен қарау мүмкіндігі ақыры ашылды.

Сонымен өткен кезең мәселелерінің күңгірт беттерін айқындаудың уақыты жетті. Өз заманында Әлихан Бөкейхан, Санжар Асфендияров, Жаһанша Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәкен Сейфуллин сияқты еліміздің аса көрнекті қайраткерлері төл орданың және кейінгі мемлекеттердің маңызы туралы жазған болатын. Өкінішке орай олардың барлығы сталиндік қапастарда азапталып, қаза тапты, ал сол кездегі билік олардың еибектерінің жойды немесе естен шығартып, ұмыт қылды.

1970-1980 жылдары Лияса Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев және басқа да отандық зиялы қауым өкілдері осы бір аса маңызды тақырыпқа қоғамның назарын тағы да аударған болатын. Олар көпшілікті тәтті еткен керемет өнер туындыларын жазды.

XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Шыңғыс хан империясы мен Жошы ұлыстың құрылуы – әлем тарихындағы ең көп талқыланатын мәселенің бірі. Осынау аумағы мен салдары бойынша аса зор мемлекеттің генезисі, өмір сүруі және ыдырауы бойынша кәсіби дайындалған жұмыстар әлі де кемшіліз. Ұлы мемлекетті құрған халықтар оған этностық емес, саяси және бір жағынан, бір-бірін алмастырған ордаға жансыз саяси атау берді.

«Шыңғыс хан құрған империяның халқы толығымен монғол тектес болды» деген әбден жауып болған ұғым бар. Иә, жауынгерлердің біразы монғол тектес антропологиялық типте болатын. Бірақ мысалы, славян деректерінде «половецтер» деп аталған Қара теңіз қыпшақтары, бұлғар немесе башқұрттар, шығу тегі жағынан сөзсіз еуропалық нәсілді неғаме аралас типте болатын. Сондай-ақ осы Ұлы орда – Ұлық ұлыстың құрамына көптеген Кавказ халықтарының өкілдері – қазіргі заманғы қарашай, балқар (малқар), құмық, черкес, абазин, әзербайжандардың ата-бабалары кірді. Әмірлер және тіпті хандардың арасында Черкес, Сары немесе Урус есімді адамдар болған. Ал қазіргі қазақтар пір тұтып, қастерлейтін алғашқы еуропалық қазақ «Сары-Орман» деп аталды. Оның шын есімі Сары-Орман (Оспан, Аспан) болуы мүмкін. Ұлық ұлы – Алтын Орда ұлы әмірлерінің бірі, мысалы Қажы-Черкес деп аталған, бұл оның Солтүстік Кавказ халықтарына жақын екендігін көрсетеді. Соғыс олжаларының тұрақты бір түрі «ай жүзді қыздар» болғаны, ал жау әскер құрамында славян, кавказдықтар өкілдері, валахтар мен болгарлар қызмет

еткені туралы жазба дереккөздерінде көп айтылған. Бірақ Темүжін-Шыңғыс хан құрған империяның Түркі қағанатының дәстүрлері мен тайпаларынан көп нәрсе алғаны сөзсіз. Тұғұрыл хан бастаған Керей ұлысы немесе найман ханы Күшліктің ұлысы сияқты бірқатар хандықтың өмір сүріп, қызмет атқаруы XIII ғасырдың басына жатады. Алтайдан Дунайға дейінгі үлкен аумақты Қыпшақ хандығы алып жатты. Олардың барлығы Шыңғыс хан әскерлерінен жеңіліп немесе оған мойынсынып, жаңа ордаға сіңіп кетті. Міне, осылайша Ұлық ұлыстың бұрынғы қауымдастықтардың көптеген дәстүрін қабылдағаны түсінікті еді. Ал «Орда» термині монғол дәуіріне дейінгі кезеңде белгілі болған және көптеген мағынаға ие.

Орда жауынгерлері әдетте орта бойлы және атқа мінуге ыңғайлы болып келетін. Біздің тұжырыммыз ұзақ қашықта атпен жүрудің және сарбаздардың тек ыстық-суыққа күйіп-піскен шымыр болғанына ғана емес, сонымен қатар денсаулық пен ерекше ептілікті талап ететіндігіне негізделген. Көптеген қытай суреттері мен парсы миниатюраларында Ұлық ұлыстың билеушілері мен жауынгерлерінің келбеттері жақсы сақталған.

Тағы бір таңғаларлық нәрсе түркі-монғолдардың ат төбеліндей аса тобы өздерінің мықыр бойлы аттарымен және аса гана қару-жарағымен өте қысқа мерзімде қаншама жер мен халықтарды жаулап ала алды?! Сонымен қатар олар бұл кеңістікті жаулап қана қоймай, оларды көптеген жыл бойына өздерінің заңдары мен бұйрықтарына бағындырып ұстап білген. Осы ретте біз көне ұлыстың кейбір заңдары төңірегінде бірқатар мәселеге тоқтала өткенді жөн көрдік.

Айталық, ханды ұлықтаудан кейін ақ киіз жыртылып, жылыған жұрт оны ырымдап, үлестіріп бөліп алады. Ежелгі наным бойынша, киіздің әр бөлігі сәттілік пен армандардың орындалуының табиғи нышанына айналған. Қазақтар бұл рәсімді «Ханталапай» деп атаған. Шильбөгерге сілтеме жасаған Т.И.Турсанов хан «ақ киізге отырып, үш рет көтерілгенін» айтады. Содан кейін олар оны шатырдың ішінде алып жүреді де (үлкен киіз үй – Б.А.), таққа отырғызды және оған алтын қылыш береді, осыдан кейін ол әдеу-ғұрып бойынша ант беруі керек. Рәсім аяқталғаннан кейін бірнеше күн бойы ұлттық мереке жарияланады.

Көне заманнан жеткен осы салт қазақтар арасында ұзақ уақыт сақталды. Мәселен, XIX ғасырдың 40-жылдары билеуші болып сайланған Кенесары хан осы рәсім бойынша таққа отырды.

Ұлық ұлыс хандары көптеген ғасырлар бойы жоғарғы әкімшілік билікті атқарды. Әдетте олар сондай-ақ жоғары әскери күшке ие болды. Сонымен бірге хандардың жанында соғыс пен жорықтарды жоспарлайтын көптеген қандас ханзадaları мен беклербектері болған.

Жалпы Ұлық ұлыстағы ханның өкімі өте кең болды, алайда рақымсыз озбыр түрде емес еді. Кейбір жағдайда оның билігі билер мен асылтекті әмірлермен шектелді. Ал мысалы, Ирандағы, Мәуереннахрдағы билік қатал қысым негізде жүргізілді, ондағы билеушілер өз қолдарына әкімшілік, әскери және тіпті соттың міндетті атқарымдық қызметтерін де шоғырландырды.

Ұлық ұлыстың көлемі де өте зор, үлкен еді. Мемлекет аумағына қатысты сұрақтарға араб (ал-Омари), парсы (Жувеини) және орыс тілдерінен, соның ішінде кеңес авторларынан да дәлел келтірілген. Жалпы алғанда, осы тақырыпта жазатын авторлардың

арасында сәйкессіздіктер жоқ. Олардың барлығына Ұлық ұлыстың келесі аумақтары кіреді: Хорезм және Мәуереннахрдың барлық аумағы, Сығанақ, Сайрам және Дешті Қыпшақ, Қажы-Тархан, Қазан және бүкіл Еділ аймағы, Қырым мен Солтүстік Кавказ, Баку және Әзербайжанның солтүстік бөлігі, Сібір мен Алтай, башқұрттардың жері. Ә.Хара-Даван мәліметінше, Ресейдің Ұлық ұлыстың құрамына кіретін жерлерінен басқа, тіпті Сербия мен Болгарияның бір бөлігі де енеді.

Ресей князьдіктері мен Молдова, Киев және Кавказ аймақтарының жерлері (бөлекше мөртебеге ие болды). Салықтарды (ясак) Генуя саудагерлері, ішінара тіпті поляктар да төледі.

Бату, Берке және олардың ұрпақтары ашық шайқастарда жеңіске жетіп, Италия, Германия, Венгрия және Аустрия шекараларына жетті. XIII-XIV ғасырларда әлемде Ұлық ұлыстың жылжымалы армиясына қарсы тұра алатын әлемде күш болған жоқ.

Бүкіл Таяу Шығыс – Иран, Күрдистан, араб әлемі Шағатай мен Төле ұрпақтарына бағынды. Құбылай Қытай мен Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің біраз жерін жаулап алды.

Бату хан тұсында «Ұлы Жасақ» орындалуға міндеттелді, ал оның қағидалары бұзғандар өлім жазасына кесілді. Өзбек хан кезінде «Жасақ» шариғат ережелерімен толықтырылған болатын. XIX ғасырдың аяғында мұндай жазалау тәртібі дала ережелері мен дәстүрлерін бұзышылдарға, мысалы, Абайдың әжесі Құнанбайдың аталас туысына (Қолдарға) да қолданылған.

Айтқандай, дінге кеңшілік туралы ережелері енгізілген «Жасақтың» қағидаларын Кавказдың христиандықты ұстанған халықтары Иран (Персия) мен Египеттің мұсылман әскерлерінен қорғану үшін пайдаланды. Орданың әскерлері князь Александр Невскийге (1242 ж. сәуір) көмектесіп, Тевтон рыцарларынан орыс жерлерін қорғауға қатысты.

Сондай-ақ Шыңғыс хан, Бату, Берке-нің кездерінде көшпелі және жартылай көшпелі мемлекеттерге тән тиімді басқару жүйесі қалыптасты. Әкімшілік құрылымға беклербек немесе би лауазымы және әскери қолбасшылардың тұтас тізмі енгізілді. Кейбір еуропалық зерттеушілер Ордада уәзірлердің болғанын көрсетеді, бірақ бұл институт кейін мұндай басқарушылар «әкімдер» деп аталды. Билік иерархиясындағы өте маңызды рөл «аталықтар» немесе «атабектер» – хан ұлдарының тәрбиешілерінде болған. Олар ханзадалар ересек болғанға дейін қамқоршы, ұстаз міндетін атқарды.

Ислам дінінің енуімен «қазы әскерлер» – әскери істерді шешетін әскери сот институты пайда болды. Олардың ролі әсіресе Түркістан мен Моғолстанда байқалды. Шайбанилер тұсында «диуанбек» – кеңес менгерушісі болған. Олар экономиканы, тіпті әскери саланы да басқаруы керек еді. Ең жоғары лауазымды тұлғаларға «Бұхара трактатында» айтылған көкілташ, күшбек, инак және тіпті аға уәзірлер кірді. Қаражаттың түсуі мен жұмсалуды «қазынашылар» қадағалап отырды.

Сақтансақ, сақтайды

ОРМАН ӨРТІНІҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ

Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы, адамзаттың тыныс-тіршілігінің кепілі. Орман ағаштары ауаны тазартып, қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтайды. Сондықтан орман өрттерінің алдын алу – әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Жаз мезгілінде ауа райының ыстық әрі құрғақ болуы орман өрттерінің шығу қаупін арттырады. Өрттің басым бөлігі адамдардың салғырттығынан туындайды. Орманда демалу кезінде сөндірілмеген темекі тұқылы, жағылған оттың толық өшірілмеуі, шыны бөтелкелердің күн сәулесін шағылыстыруы өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Орман өрттерінің алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Бірінші кезекте орман алқаптарында от жақпау керек. Темекі тұқылын және сіріңкені бейберекет тастамау қажет. Қоқысты арнайы орындарға жинаған дұрыс. Ал құрғақ шөптер мен қалдықтарды өртемеңіз. Сондай-ақ балаларды қараусыз қалдырмау керек. Өрт белгілері байқалған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлау қажет.

Орман өрті табиғатқа орасан зиян келтіріп қана қоймай, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Сондықтан әрбір тұрғын өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтап, табиғатты қорғауға өз үлесін қосы қажет.

Табиғатты аялау – бәлкішәкір ақалдындағы жауапкершілігіміз. Орман өртінің алдын алып, жасыл желекті бірге қорғайық!

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 8-1-тармағына, 113-1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және 2-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 3 маусымдағы №АСК-24/187 қаулысымен Аққыр және М.Шәменов ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2026 жылғы 12 шілдеге тағайындалды.

Аққыр және М.Шәменов ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну 2026 жылғы 4 маусымда басталады және 2026 жылғы 16 маусымда сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу кандидаттың барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және 2026 жылғы 21 маусымда сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32. Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.

Телефондары: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04, электронды поштасы jalsay2019@mail.kz

Жалағаш аумақтық сайлау комиссиясының құрамы: Қалыбаев Шарабан Мақсұтович – төраға, Доспанов Танатар Сағалович – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – хатшы, комиссия мүшелері: Баймұбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Құлмұбаева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Темірханұлы.

№133 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: М.Шәменов ауылдық округі М.Шәменов ауылы Бұқарбай батыр көшесі №6. М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының «М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Телефоны: 8 (724 31) 37-6-06

№133 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Досжанов Ерболат Бақытжанұлы – төраға, Есетов Кенжебек Сарбасұлы – төраға орынбасары, Қарақаспа Бекзат Бүркітбайқызы – хатшы, комиссия мүшелері – Нағизбекова Гульнар Ибраевна, Сейтжанова Тамара Қожамуратовна.

№140 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Аққыр ауылдық округі Аққыр ауылы Нұрылда Таспенев көшесі №4. Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Телефоны: 8 (724 31) 37-6-06

№140 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Бектүр Мардан Болатбекұлы – төраға, Сисенова Шанарқұл Каппазовна – төраға орынбасары, Қуттыбаева Майра Келдибековна – хатшы, комиссия мүшелері – Қошқарбай Асылхан Молдамұратұлы, Өтешова Инабат Сағындыққызы.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

2026 жылғы 12 шілдеге тағайындалған Аққыр және М.Шәменов атындағы ауылдық округі әкімдерінің сайлауына байланысты сайлау учаскелерінің шекаралары

№140 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Аққыр ауылдық округі Аққыр ауылы Нұрылда Таспенев көшесі №4, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Аққыр ауылы.

№133 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: М.Шәменов ауылдық округі М.Шәменов ауылы Бұқарбай батыр көшесі №6, «М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының «М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекарасы: М.Шәменов ауылы, №5 «Қарайірім» разьезі.

Границы избирательных участков по выборам акимов сельских округов Аққыр и имени М.Шаменова, назначенных на 12 июля 2026 года.

Избирательный участок №140

Местонахождение: сельский округ Аққыр, село Аққыр, улица Нұрылда Таспенева №4, здание коммунального государственного учреждения «Средняя школа №188» отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области.

Границы: село Аққыр.

Избирательный участок №133

Местонахождение: сельский округ М.Шаменова, село М.Шаменова, улица Бұқарбай батыра №6, здание коммунального государственного казенного предприятия «Сельский Дом культуры М.Шаменова» аппарата акима сельского округа М.Шаменова.

Границы: село М.Шаменова, разьезд №5 «Қарайірім»

Бүркітбай АЯҒАН, профессор

Футбол

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ: КУБОК КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ?



АҚШ, Мексика мен Канада бірлесіп қабылдап жатқан әлемдік доданың шымылдығы түрілді. Турнирдің аяқталу мересі келесі айда Нью-Джерси штатындағы MetLife Stadium аренасында өтеді. Чемпионат кезеңінде стадионға уақытша New York New Jersey Stadium атауы берілген. Сондай-ақ Манхэттеннің орталығындағы 50-көше мен 6-авеню қиылысы «Тьерри Анри Уэй» деп аталды. Іс-шараға Франция құрамасының 1998 жылғы әлем чемпионы, «Арсенал» мен «Барселонаның» бұрынғы шабуылшысы Тьерри Анри бейнебайланыс арқылы қатысты.

Анри Нью-Йорктің «Ред Буллз» клубының сапында өнер көрсеткен. Франциялық футболшы MLS лигасында бес маусым өткізіп, 2014 жылға дейін команда сапында ойнаған. Сондай-ақ Куинс ауданындағы Shea Road және Meridian Road көшелерінің қиылысына уақытша бразилиялық футбол аңызы Пеленнің есімі берілді. Қала әкімдігінің шешіміне сәйкес, көшелердің жаңа атаулары 1 қарашаға дейін сақталмақ.

Айта кетейік, Әлем чемпионатының алғашқы ойыны Мексикадағы әйгілі «Estadio Azteca» стадионында өтті. Мексика мен Оңтүстік Африка Республикасы құрамасы арасындағы кездесу 2:0 есебімен Мексика командасының жеңісімен аяқталды. Мексика сапынан Хулиан Киньонес пен Хименес гол соқты. Ал Оңтүстік Африка ойыншылары қажетсіз жерде ереже бұзып, ойын барысында екі бірдей футболшысы қызыл қағаз алып, алаңнан қуылды. Кездесудің 92-ші минутында Мексика құрамасының футболшысы екіні ескерткіні алып, ойыннан тыс қалды. Бірақ бұл алаң иелерінің нәтижесіне еш әсер еткен жоқ. Толық құрамда тегеурінді қарсылық көрсете алмаған ОАР командасы, тоғыз ойыншымен жұбанғын голын да соға алмады.

Осылайша А тобында Мексика құрамасы алғашқы үш ұлайды иеленіп, алға шықты. Күні кеше танерген Оңтүстік Корея мен Чехия құрамасы өзара бақ сынады. Қос қарсылас арасындағы ойын біздің уақыт бойынша таңғы сағат 7:00-де басталды.

Оңтүстік Корея ойыншылары бұл додаға тыңғылықты дайындықпен келген. Әлем



чемпионатындағы алғашқы қарсыласы да осал болмады. Бірақ әдегеннен Оңтүстік Корея ойыншылары басымдық танытып, қарсыласының осал жерін зерттеумен болды. Бірақ Чехия ойыншылары да сыр алдырмады. Алғашқы таймда қос команда да есеп аша алмады, керісінше қорғанысқа басымдық берді.

Екінші таймда Оңтүстік Корея ойыншылары шабуылға көшті. Бірақ ойламаған жерден Чехия есеп ашты. Ойынның 59-минутында англиялық клуб, яғни «Вулверхемптон» қорғаушысы Крейчий Ладислав Владимир Цоуфал асырған допты Ким Сын-Гю күзеткен қақпада тулатып,

командасын алға шығарды. Мұнан кейін Оңтүстік Корея ойыншылары шабуылға тағы қарқын қосты. Көп ұзамай мақсатына жетті де, кездесудің 67-минутында «Фейеноордтың» жартылай қорғаушысы Ин-Бом Хван күзеткен қақпадан саңылау тауып, таразы басын теңестірді.

Ойынның 77 минутында Т.Саучек есепті еселеген. Бірақ қырағы төреші чехиялық аяқдоп шеберінің ойыннан тыс қалғанын қалт жібермей, бұл голды есепке алмады. Керісінше Оңтүстік Корея ойыншылары 80-ші минутта кездесудің нүктесін қойды. Мұнан кейін чехиялықтарда есепті

теңестіруге бір ғана мүмкіндік болған еді, бірақ оны жүзеге асыра алмады. Осылайша Оңтүстік Корея ойыншылары 2026 жылғы Әлем чемпионатындағы алғашқы кездесуін жеңіспен аяқтады.

Иә, бұл чемпионат тарихта ойып тұрып өз орнын алары сөзсіз. Әсіресе кейбір командалар футболдың аңыз ойыншыларымен қош айтысады. Мәселен, Бразилия Неймармен, сондай-ақ қырағы қорғаушы Тьяго Силвамен қоштасады. Хорватия келесі Әлем чемпионатында аңыз ойыншы Лука Модрич және Иван Перичичтың өнер көрсетеді.

Мұнан бөлек Польша «Бавария» мен «Барселонада» доп тепкен әйгілі сұрмерген Роберт Левандовскийден айырылады. Ал Харри Кейн үшін бұл ең соңғы Әлем чемпионаты болғалы тұр.

Белгия сапындағы әйгілі жартылай қорғаушы Кевин де Брюне үшін де бұл – соңғы Әлем чемпионаты. Верджил Ван Дейк Нидерландия елі үшін өзінің ең соңғы турнирін өткізуде. Биыл Әлем чемпионатын ұйымдастырушы елдің бірі Мексика да аңыз қақпашысымен қоштасады. Колумбия сапындағы Хамес Родригес үшін де бұл соңғы турнир болғалы тұр. Ал аңыз ойыншылар Месси мен Роналду да ел құрамасында биыл соңғы рет өнер көрсетеді.

Айта кетейік, 2026 жылғы әлем чемпионаты АҚШ, Канада және Мексика аумағында өтеді. Турнир 20 шілдеге дейін жалғасады. Ал кубок кімге бұйырарды? Мұны алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Спартакиада

ЖЕРЛЕСТЕР ЖЕҢІСІ – ҮЛКЕН ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ

«Дені саулық – жаны сау» дейді дана халқымыз. Адам өміріндегі денсаулықтың орны қандай маңызды болса, қоғамның дамуы үшін де салауатты өмір салтының маңызы жоғары. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында бұқаралық спортты дамытуды мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі ретінде айқындап келеді. Себебі спорт – тек жеңіс тұғыры ғана емес, тәртіптің, табандылықтың, ұйымшылдықтың және отансүйгіштіктің үлкен мектебі. Осы игі қазғанды берік ұстанған Жалағаш ауданының мемлекеттік қызметшілері тағы бір мәрте жоғары нәтижеге қол жеткізіп, облыстық спартакиадада қатарынан екінші жыл чемпион атанды. Бұл – кездейсоқ келген жетістік емес, жүйелі дайындықтың, ауызбіршіліктің және қажырлы еңбектің жемісі.

Қызылорда қаласында облыс әкімінің жүлдесіне арналған мемлекеттік қызметшілер арасындағы дәстүрлі облыстық спартакиада өтті. Жыл сайын ұйымдастырылатын бұл спорттық дода мемлекеттік қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, әріптестік байланысты нығайтып, спорт мәдениетін қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Биылғы жарысқа облыстың қала және барлық аудандарынан, облыстық басқармалардан құралған 18 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жалпы есепте Жалағаш ауданының құрамасы қарсыластарынан оқ бойы озып, 1 орынды иеленді. Бұл жеңіс аудан спорттың ғана емес, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ұйымшылдық пен жауапкершіліктің жемісі деп түйдік.

Жарыс спорттың 10 түрі бойынша өтті. Аудан намысын қорғауға барлығы 45 спортшы қатысты. Олар әр сайыста өздерінің шеберлігін, төзімділігін және жеңіске деген жігерін танытып, аудан мерейін үстем етті. Қазақ халқы «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дейді. Жалағаштық мемлекеттік қызметшілердің жеңісінен де осы нақылдың шынайы мәнін көруге болады. Әр спортшы өз мүмкіндігін барынша көрсете отырып, аудан намысын абыроймен қорғады. Нәтижесінде командалық есепте Жалағаш ауданы үздік көрсеткішке қол жеткізіп, чемпиондық тұғырға көтерілді.

Бұл жеңістің артында үлкен еңбек жатыр. Себебі чемпион болу бір басқа, ал сол биіктікті сақтап қалу одан да қиын. Өткен жылы да топ жарып, облыс чемпионы атанған аудан командасы биылғы жарыста да сол сенімді актай білді. Екі жыл қатарынан облыстың үздік командасы атану – табандылық пен тұрақтылықтың айқын дәлелі.

Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілік жүктейтін сала. Халық пен биліктің арасындағы алтын көпір саналатын мемлекеттік қызметшілер күнделікті қарбалас жұмыстың ортасында жүреді. Соған қарамастан олардың спортқа уақыт бөліп, жоғары нәтиже көрсетуі – ерік-жігердің көрінісі.

Спартакиада бағдарламасына енгізілген әрбір спорт түрі өзіндік ерекшелігімен



дараланды. Футзалда аудан құрамасының ойыншылары ұйымшылдық пен шапшаңдықтың үлгісін көрсетті. Құрамдағы 12 спортшы өнер көрсеткен команда әр кездесуде жеңіске деген жігерімен көзге түсті. Командалық ойын болғандықтан аяқдоп шеберлерінің ауызбіршілігі жалпы нәтижеге үлкен әсер етті.

Волейбол бөсекесінде де жалағаштықтар жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Сегіз ер және төрт әйел спортшыдан құралған команда әр ойын сайын шеберлігін дәлелдеп отырды. Әсіресе шешуші сәттерде салқындандылық танытып, маңызды ұпайларды еншілеуі жанкүйерлерге ерекше әсер сыйлады.

Ұлттық зияткерлік спорттың озық үлгісі саналатын тоғызқұмалақ сайысында аудан спортшылары терең ойлау қабілеті мен тактикалық шеберлігін көрсетті. Екі ер және бір әйел спортшы қатысқан бұл жарыста ұлттық мұрамыздың құндылығы тағы бір мәрте айқындала түсті.

Үстел теннисі бойынша сыңға түскен спортшылар да аудан абыройын жоғары деңгейде қорғады. Бұл спорт түрінде жылдамдық пен дәлдік қатар талап етіледі. Жалағаштық спортшылар дәл осы қасиеттердің үйлесімін көрсете білді.

Жүзу жарысында қатысушылар өздерінің төзімділігі мен техникалық дайырлығын

байқатты. Су айдынындағы тартысты бөсекте аудан спортшылары лайықты нәтиже көрсетіп, командалық қоржынға маңызды ұпайлар салды.

Шахмат сайысында ақыл мен сабыр сыңға түсті. «Шахмат – ақыл-ой гимнастикасы» деген сөз бекер айтылмаған. Жалағаштық шахматшылар қарсыластарын ұтымды тактикаларымен таңғалдырып, жоғары нәтиже көрсетті.

Қазақ күресі – халқымыздың рухын айелдерден құралған команда жоғары аудан құрамасы бөзіклемде қайсарлық пен батылдықтың үлгісін көрсетті. Әр белдесуде намыс пен жігерің үйлесімі анық байқалды.

Қазіргі заманның жаңа бағыты саналатын киберспорт жарысы да үлкен қызығушылық туғызды. Бұл сайыста аудан намысын қорғаған спортшы заманауи спорттың мүмкіндіктерін дәлелдеп, лайықты өнер көрсетті.

Баскетбол 3x3 жарысында ерлер мен әйелдерден құралған команда жоғары дайындық деңгейін паш етті. Қарқынды өткен кездесулерде спортшылардың шапшаңдығы мен үйлесімді әрекеті ерекше көзге түсті. Ал бір спортында күш пен төзімділік сыналды. Төрт спортшыдан құралған команда бұл сайыста өздерінің физикалық дайындығының жоғары екенін дәлелдеді. Әр көтерілген бір

тасын аудан мерейін асқақтатуға қосылған үлес болды.

Спартакиадада қатысушылар арасында ерекше ұйымшылдық байқалды. Командалар бір-біріне қолдау көрсетіп, әр жарыста аудан намысы үшін бар күш-жігерін салды. Бірінші жеңісіне бірі қуанып, сәтсіз сәттерде демеу көрсете білді. Мұндай бірлік кез келген табыстың негізі екені сөзсіз.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді халқымыз. Жалағаш командасының жеңісі де осы сөздің өміршеңдігін дәлелдегендей. Спорт алаңындағы ауызбіршілік жұмыс барысында да өз жемісін беріп келеді. Өйткені ұйымшыл ұжым ғана үлкен жетістіктерге жете алады.

Спорт – жеңіске жетудің ғана емес, адам бойындағы асыл қасиеттерді шыңдайтын үлкен мектеп. Жарыста жеңіске жетер жігер, қарсыласқа деген құрмет, өз командасына деген адалдық секілді құндылықтар айқын көрінеді. Сондықтан мұндай шаралардың тәрбиелік маңызы ерекше.

Мемлекеттік қызметшілер арасындағы спартакиада тек спорттық жарыс емес, тәжірибе алмасу мен достық қарым-қатынасты нығайтатын маңызды алаң. Әр ауданнан келген қатысушылар өзара пікір алмасып, жаңа байланыс орнатады. Бұл өз кезегінде өңірлер арасындағы ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

Жалағаштықтардың бұл жолғы жеңісі аудан жастарына да үлгі болары анық. Себебі жастар үлкендердің өнегесіне қарап бой түзейді. Қоғамға қызмет етіп жүрген азаматтардың спортта да биік белестерді бағындыруы өскелең ұрпаққа жігер береді.

Екі жыл қатарынан облыс чемпионы атану – аудан тарихындағы айтулы жетістік. Бұл – мемлекеттік қызметшілердің ғана емес, күллі Жалағаш жұртының ортақ мерейі. Өйткені аудан намысын қорғаған азаматтардың табысы әр тұрғынның мақтанышына айналды.

Алдағы уақытта да жалағаштық мемлекеттік қызметшілер осы биіктен көрініп, жаңа белестерді бағындырады деген сенім мол. Себебі жеңіске жеткен ұжымның ең басты ерекшелігі, төкмелісімей, үнемі алға ұмтылуы.

Бұл жеңіс – ертеңгі жаңа табыстардың бастауы. Бүгінгі жетістік келешек жетістерге жол ашатын берік баспалдақ іспетті. Жалағаштық мемлекеттік қызметшілердің спорт саласындағы жеңісі ауданның бірлігі мен белсенділігінің, қажырлы еңбегі мен мақсаткерлігінің жарқын көрінісі болып қала берсін.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 21097 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 5132 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептенгенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrboyi@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептенгенде):

1. Пробылді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге; TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге; Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 2983 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептенгенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің zhalagashzharsy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептенгенде):

1. Пробылді қоса алғанда 3500 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге Stories – 8000 теңге; TikTok: Video – 10000 теңге Stories – 8000 теңге; Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісімшарт бойынша ұсыныған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады.

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептенгенде):

1. Пробылді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта); Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге; TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге; Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісімшарт бойынша ұсыныған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ**

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

**Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты қатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияны компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа ішкі ЖШС сенімгерлік бас аруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газетті таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №999